

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 27 – 31 шілде



2026 жылғы 27 – 31 шілде

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Аптаның негізгі оқиғалары және
Макроэкономикалық ахуал,
Негізгі көрсеткіштер

02



ФРЖ: мөлшерлеме өзгеріссіз қалды, бірақ тәуекел теңгерімі қатаңдату жағына қарай ығысты,
Аймақтық көрініс

03



Аптаны бақылау:
ЖІӨ өсімі ішкі серпіннен әлсіз көрінеді,
Аптаның негізгі тақырыптары,
Алдағы апта және қорытындылау

Акция. Апта қор нарығы ішінде айқын секторлық ротация жағдайында өтті. Аптаның басында инвесторлар жартылай өткізгіштер мен ЖИ инфрақұрылымымен байланысты компаниялардағы позицияларын қысқартып, денсаулық сақтау, қаржы секторы және тұтынушылық компанияларға ауысты. ФРЖ отырысынан кейін кірістіліктің өсуі сатылымның жаңа толқынын туғызды, бірақ ірі технологиялық компаниялардың күшті нәтижелері индекстердің қалпына келуіне мүмкіндік берді.

S&P 500 индексі 1,05%-ға, NASDAQ 1,59%-ға, ал Dow Jones 1,04%-ға өсті. Бұл ретте технологиялық сектор ішіндегі динамика айтарлықтай әркелкі болды. Microsoft бұлтты бизнесінің күткеннен жылдам өсуі мен күшті болжамның арқасында қолдау тапты, Amazon бұлтты қызметтер мен бөлшек сауда саласындағы тұрақты нәтижелердің арқасында оң серпін көрсетті. Ал Meta акциялары күтілгеннен әлсіз пайда мен жоғары күрделі шығынның сақталуына байланысты төмендеді. Нарықтың реакциясы инвесторлардың енді ЖИ-ге жұмсалатын шығын көлемінен гөрі нақты түсімге, маржаға және еркін ақша ағынына көбірек назар аудара бастағанын көрсетеді.

Екінші тоқсандағы S&P 500 пайдасының өсу болжамы бір апта бұрынғы 38,0%-дан 47,4%-ға дейін көтерілді. Егер баға сақталса, бұл бес жылдың ішіндегі ең жоғары тоқсандық өсім болмақ. Салалардың пайданың өсуіне неғұрлым кеңірек қатысуы нарықтың бірнеше ірі компанияларға тәуелділігін төмендетеді, алайда капиталдың жоғары құны есептілік сапасына қойылатын талаптарды арттырады.

Облигация және кредит нарығы. АҚШ-тың қазынашылық облигацияларының кірістілігі өсуін жалғастырды, бұл ретте негізгі қысым кірістілік қисығының ұзақмерзімді бөлігіне түсті. UST 10Y кірістілігі 4 б.т. өсіп, 4,72%-ға жетті, ал UST 30Y кірістілігі 11 б.т. артып, 5,27%-ды құрады. 30 жылдық облигациялардың кірістілігі 2007 жылдан бергі ең жоғары деңгейге жетті. 2Y/10Y кірістілік қисығы 10,24 б.т., ал 3M/3Y қисығы 9,71 б.т. Тіктеле түсті, бұл жақын арада мөлшерлеменің көтерілуі күтілгенімен, ұзақмерзімді инфляциялық және фискалдық тәуекелдер үшін сыйлықақының артқанын көрсетеді.

Борыштық нарықтағы құбылмалылық күшейе түсті: MOVE индексі 8,07%-ға өсіп, 83,02 деңгейіне жетті. Бұл ретте VIX индексі 9,02%-ға төмендеп, 16,04 болды. Мұндай алшақтық күшті корпоративтік есептілік акцияларға уақытша қолдау көрсеткенімен, облигациялар ФРЖ ұстанымына және жоғары мөлшерлемелердің ұзақ уақыт сақталу қаупіне әлі де сезімтал болып отырғанын білдіреді.

Кредиттік спредтер біршама тарылды: US IG OAS 3,19 б.т. төмендеп, 117,7 б.т. құрады, ал US HY OAS 6,57 б.т. қысқарып, 317,9 б.т. құрады. Алайда кредиттік деривативтер индекстерінің көрсеткіштері нашарлады, әсіресе CDX HY индексі 18,33%-ға өсті. Бұл алшақтық кейбір облигацияларға сұраныстың сақталғанын, сонымен қатар жүйелік тәуекелден қорғау құнының артқанын көрсетуі мүмкін.

Валюталар және шикізат тауарлары. Brent маркалы мұнайдың бағасы 1,30%-ға төмендеп, барреліне 83,83 долларды құрады. Апта ішінде АҚШ пен Иранның арасындағы келіссөздер мен қақтығыстың шиеленісуі туралы хабарламалардың аясында баға айтарлықтай құбылды. Ормуз бұғазына қатысты тәуекелдердің сақталуы геосаяси сыйақыны қолдап тұрғанымен, апта қорытындысы бойынша баға өткен аптадағы деңгейден төмен қалыптасты.

Алтынның бағасы 0,26%-ға төмендеп, унциясына 4 043 долларды, ал күмістің бағасы 0,92%-ға арзандады. Кейбір күндері қорғаныс активтеріне сұраныстың артуы нақты кірістіліктің өсуімен өтелді. DXY индексі 1,53%-ға төмендеп, 99,91 деңгейіне түсті, ал EUR/USD бағамы 1,41%-ға өсіп, 1,15-ке жетті. Ықтимал валюталық интервенция туралы болжамдар аясында иена долларға қатысты 3,83%-ға нығайып, 157,57 иена болды. USD/KZT бағамы 0,16%-ға төмендеп, 474,13 теңге болды, бұл теңгенің қалыпты нығаюына сәйкес келеді.

АҚШ-та алдын ала жарияланған құрама PMI индексі 53,6-ға дейін өсіп, соңғы сегіз айдағы ең жоғары деңгейге жетті. Қызмет көрсету секторындағы жеделдеу өнеркәсіптегі баяулауды өтеді, жұмыспен қамту соңғы үш айда алғаш рет ұлғайды, ал бизнестің күтуі жақсарды. Сонымен бірге жеткізудегі іркілістер соңғы төрт жылға жуық уақыттағы ең жоғары деңгейге жетті, кіріс шығыны 14 айдағы максимумға жетті, ал сату бағалары төрт жылдағы ең жылдам қарқынмен дерлік өсті.

Еңбек нарығы күшті болып қалды: жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер 187 мыңға дейін төмендеп, 1969 жылдан бергі ең төменгі деңгейге жетті. Жаңа тұрғын үйлердің сатылымы айлық мәнде 1,6%-ға өсіп, жылдық мәнде 628 мыңды құрады, бірақ бұл көрсеткіш өткен жылғы деңгейден 5,6%-ға төмен болды. Тұрақты белсенділік пен баға қысымының сақталуы ФРЖ-ның ұзақ уақыт өзгеріссіз қалдыруы мүмкін деген күтуді қолдайды және оның риторикасының қатаңдау ықтималдығын сақтап отыр.

Индекс	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	7 490	+1,05%	+9,20%
Dow Jones	52 485	+1,04%	+8,48%
NASDAQ	25 374	+1,59%	+9,20%
Euro Stoxx 50	6 358	+1,23%	+8,68%
FTSE 100	10 868	+1,23%	+9,21%
Nikkei 225	64 362	-0,88%	+27,86%
Hang Seng	25 884	+2,69%	-1,72%
KASE	7 808	+1,76%	+11,04%

Актив	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
MSCI World	4 822	+0,82%	+8,84%
MSCI Emerging Markets	1 563	-6,51%	+11,30%
MSCI EAFE	3 164	+1,90%	+9,39%
Brent мұнайы, долл./барр.	83,83	-1,30%	+36,35%
Алтын, долл./унция	4 043	-0,26%	-6,65%
Күміс, долл./унция	57,66	-0,92%	-20,65%
DXU	99,91	-1,53%	+1,51%
USD/KZT	474,13	-0,16%	-6,56%

Кірістілік	03.08.2026	27.07.2026	Өзгеріс
UST 10Y	4,72%	4,68%	+4 б.т.
UST 30Y	5,27%	5,16%	+11 б.т.
UK Gilts 10Y	5,04%	5,03%	+1 б.т.
Germany 10Y	3,20%	3,17%	+3 б.т.
China 10Y	1,71%	1,72%	-1 б.т.

ФРЖ: мөлшерлеме өзгеріссіз қалды, бірақ тәуекел теңгерімі қатаңдату жағына қарай ығысты

ФРЖ бесінші отырыс қатарынан мөлшерлемені 3,50-3,75% диапазонында сақтап қалды. Шешім үш дауысқа қарсы тоғыз дауыспен қабылданды: келіспеген қатысушылар мөлшерлеменің 25 базистік тармаққа көтеруді қолдады. Дауыс беру нәтижесі қатаң саясаты жақтайтын топтың ықпалы күшейіп келе жатқанын көрсетті, бірақ көпшілігі қосымша қатаңдатуды қажет деп санамайды.

Төраға Кевин Уорш баға тұрақтылығын қамтамасыз ету негізгі басымдық болып қала беретінін растады, бірақ мөлшерлемені өзгерту мерзіміне қатысты нақты бағдар берген жоқ. Сонымен қатар ол нарықтық кірістіліктің өсуі қаржылық жағдайларды қатаңдатып, орталық банктің жұмысының бір бөлігін атқарып отырғанын атап өтті. Бұл мөлшерлеменің жақын арада көтерілу ықтималдығын төмендеткенімен, жыл соңына дейін мұндай қадамның жасалу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Инфляциядан қорғалған облигациялар нарығында қалыптасқан инфляциялық күтулер салыстырмалы түрде тұрақты болып, 2,2-2,3% аралығында сақталды. Демек, номиналды кірістіліктің өсуі негізінен нақты пайыздық мөлшерлемелердің және мерзімдік сыйақының артуымен байланысты болды, ал ұзақмерзімді инфляциялық болжамның күрт нашарлауымен емес.

Қыркүйек айында өтетін ФРЖ отырысы маңызды оқиға болып қала бермек. Мөлшерлеменің көтерілу ықтималдығы шілде және тамыз айларындағы инфляция көрсеткіштеріне, еңбек нарығының жағдайына және энергия тасымалдаушылар бағасының динамикасына тәуелді болады.

АҚШ. Нарыққа корпоративтік нәтижелердің күшті көрсеткіштері қолдау көрсетті, алайда ұзақмерзімді кірістіліктің өсуі және ФРЖ дауыс беруінің қатаң сипаты өсім әлеуетін шектеді. Ротация тек секторлар арасында ғана емес, технологиялық сегменттің ішінде де байқалды: ЖИ-ға салынған инвестицияларды тиімді монетизациялай алатынын дәлелдеген компаниялар артықшылыққа ие болды.

Еуропа. Euro Stoxx 50 және FTSE 100 индекстері 1,23%-ға өсті. Еуроаймақ экономикасы екінші тоқсанда тоқсандық мәнде 0,4%-ға өсіп, күтілген көрсеткіштен асып түсті, ал шілде айында инфляция 2,9%-ға дейін жеделдеді. Англия банкі мөлшерлемені 3,75% деңгейінде сақтап қалды және Таяу Шығыстағы шиеленістің жаңа ушығуы энергия бағасының құбылмалылығын ұзарта алатынын ескертті.

Жапония. Nikkei 225 индексі 0,88%-ға төмендеді. Жапония банкі мөлшерлемені 1% деңгейінде сақтап қалды, дегенмен бір қатысушы оны 1,25%-ға дейін көтеруді қолдады. Егер инфляциялық тәуекелдер күшейетін болса, реттеуші қыркүйек айында жаңа қадам жасау мүмкіндігін жоқа шығармады. Апта соңында иенаның нығаюы валюта нарығында интервенция жасалуы мүмкін деген болжамдарды күшейтті.

Қытай және Гонконг. CSI 300 индексі 2,43%-ға төмендеді, ал Hang Seng 2,69%-ға өсті. Инвесторлар қызып кеткен жартылай өткізгіш компанияларынан қаражатты ірі интернет-платформалар мен қорғаныс салаларына қайта бөлді. Іскерлік белсенділіктің ресми индексі тағы да 50 тармақтан төмен түсті, ал билік экономиканы қолдау шараларының ауқымды емес, нысаналы сипатта болатынын растады.

Дамушы нарықтар. Кейбір елдердегі өсімге қарамастан, MSCI Emerging Markets индексі 6,51%-ға төмендеді, бұл индекс құрамындағы ірі компоненттердегі төмендеудің жоғары шоғырланғанын көрсетеді. Үндістанның Sensex индексі 2,68%-ға, Bovespa индексі 2,27%-ға, ал KASE индексі 1,76%-ға өсті.

Аптаны бақылау: ЖІӨ өсімі ішкі серпіннен әлсіз көрінеді

Екінші тоқсанда АҚШ-тағы ЖІӨ өсімінің 1,5%-ға дейін баяулауы көбіне уақытша факторлармен ықпалымен байланысты болды. Импорт тоқсандық мәнде 11,5%-ға артты, Стратегиялық мұнай резервінен 89,4 млн баррель мұнай нарыққа шығарылды, ал жеке қорлар жылдық мәнде 50,8 млрд долларға қысқарды. Импорттың өсуі компаниялардың тарифтердің бір бөлігі жойылғаннан кейін және жаңа шектеулер күшіне енгенге дейін тауарларды алдын ала жеткізуге ұмтылғанын көрсетуі мүмкін, ал мұнайды босату энергетикалық күйзелістің әсерін төмендетуге бағытталды.

Жеке қорлар қатарынан бесінші тоқсан бойы төмендеп келеді, ал қорлардың сатуға қатынасы 67,9 күнге дейін төмендеп, соңғы үш рецессия кезінде байқалған ең төменгі деңгейден де төмен түсті. Егер қорлар соңғы он жылдағы орташа қарқынмен, яғни шамамен 41,9 млрд долл. өссе, ЖІӨ-нің есептік өсімі шамамен 3,06%-ды құрауы мүмкін еді. Бұл нақты жарияланған көрсеткішті өзгертпейді, бірақ ішкі сұраныс пен инвестициялардың жалпы өсу қарқынына қарағанда тұрақты болуы мүмкін екенін аңғартады.

Қорлардың төмен деңгейі, егер сұраныс тұрақты болып қалса, олардың кейіннен қалпына келуіне мүмкіндік жасайды. Мұндай сценарийде өндіріс пен көлік саласындағы белсенділік жылдың екінші жартысында қосымша қолдау алуі мүмкін. Негізгі тәуекелдер – тұтынушылық көңіл күйдің одан әрі нашарлауы, мөлшерлемелердің өсуі және сауда шектеулерінің жаңа толқыны.

Аптаның негізгі тақырыптары

ЖИ және монетизация. Инвестициялық цикл жалғасып жатыр, бірақ нарық шығындарын ұлғайтып жатқан компаниялардың барлығын бірдей бағаламайды. Басымдық түсімнің өсу қарқынын жеделдетіп, тапсырыс көлемінің артуын және тұрақты еркін ақша ағыны сияқты көрсеткіштерді көрсете алған эмитенттерге берілуде.

Жоғары мөлшерлеме. Федералдық резерв жүйесі әзірге мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырды. Дегенмен үш комитет мүшесінің мөлшерлемені көтеруді қолдауы және ұзақ мерзімді облигациялар кірістілігінің өсуі алдағы айларда мөлшерлемені төмендету негізгі сценарий емес екенін көрсетеді.

Пайданың кең ауқымда өсуі. Корпоративтік қаржылық нәтижелердің жақсаруы экономиканың көптеген секторларын қамтып отыр, бұл қор нарығының бірнеше технологиялық компанияға тәуелділігін төмендетеді. Сонымен қатар қаржыландыру құнының жоғары болуы мен нарықтық күтулердің күшеюі әлсіз болжамдар жарияланған жағдайда баға құбылмалылығының күрт арту қаупін ұлғайтады.

АҚШ-тың шілде айындағы еңбек нарығы бойынша есебі алдағы аптаның негізгі макроэкономикалық оқиғасы болмақ. Сондай-ақ нарық қатысушылары ISM өнеркәсіптік іскерлік белсенділік индексіне, фабрикалық тапсырыстар көлеміне, сыртқы сауда балансына және тоқсан сайынғы қазынашылық облигацияларды орналастыру жоспарына назар аударады. Жапонияда басты назар еңбекақы динамикасына аударылады.

Корпоративтік күнтізбе де мазмұнды болмақ. Қаржылық есептерін Caterpillar, Merck, McDonald's, AMD, Eli Lilly және Walt Disney жариялайды. Технологиялық сектор үшін процессорларға және деректерді өңдеу орталықтарына сұраныс, күрделі шығын көлемі және ЖИ-ға салынған инвестициялардың монетизациялау қарқыны негізгі фактор болады. Циклдық компаниялар үшін өнеркәсіптік сұраныстың жағдайы мен тұтынушылық шығыстарының динамикасы басты назарда болады.

Қорытындылау

Апта көптеген қор индекстерінің өсімімен аяқталғанымен, нарықтың ішкі көрінісі біркелкі болған жоқ. Компаниялардың күшті қаржы есептілігі акцияларға қолдау көрсетсе, ФРЖ дауыс беруіндегі қатаң ұстаным және ұзақмерзімді облигациялар кірістілігінің өсуі қайта бағалауды шектеді. MOVE өскен кезде VIX индексінің төмендеуі нарықтағы негізгі алаңдаушылықтың акция нарығынан мөлшерлеме нарығына ауысқанын көрсетті.

Алдағы уақытта инфляцияның баяулау қарқынының тұрақтылығы, еңбек нарығының жағдайы және ірі технологиялық компаниялардың ЖИ-ге салынған инвестицияның қаржылық тиімділігін дәлелдей алу қабілеті басты назарды болады. Нақты кірістіліктің жоғары деңгейі облигациялардың ағымдағы кірістілігін тартымды ете түсті, бірақ саясаттың одан әрі қатаю ықтималдығы ұзақ дүрациялы облигациялар мен қымбат бағаланған өсу акциялары үшін тәуекелді сақтап отыр.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты көпілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.